

Кәсіптік даярлау бойынша Жұмыспен қамту 2020 жол картасының шегінде кәсіптік оқытуға 2014 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 15 қыркүйектегі № 453 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 қазанда № 5110 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 шілдедегі № 815 қаулысымен бекітілген Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 636 қаулысымен бекітілген Жұмыспен қамту 2020 жол картасын (бұдан әрі – Жұмыспен қамтудың жол картасы) іске асыру мақсатында Қостанай облысының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған кәсіптік даярлау бойынша 2014 жылға арналған Жұмыспен қамту 2020 жол картасына қатысушыларды кәсіптік оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 1 маусымнан бастап туындайтын қатынастарға таратылады.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

Ә к і м д і к т і ң

2014 жылғы 15 қыркүйектегі

№ 453 қаулысымен бекітілген

Кәсіптік даярлау бойынша 2014 жылға арналған Жұмыспен қамту 2020 жол картасына қатысушыларды кәсіптік оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№ р/с	Мамандықтардың коды мен атауы	Біліктіліктің коды мен атауы	Саны (адам)	Оқыту мерзімі
1	1 5 0 4 0 0 0 Ферма шаруашылығы (бейіндері бойынша)	1 5 0 4 0 1 2 Бухгалтер	20	10 ай
2	1 4 0 1 0 0 0 Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану	1 4 0 1 2 5 2 Өңдеу құрылыс жұмыстарының шебері	20	10 ай

3	0 5 0 6 0 0 0 Шаштараз өнері және сәндік косметика	0 5 0 6 0 0 1 2 Шаш үлгілерін жасаушы	20	10 ай
4	1 5 0 4 0 0 0 Ферма шаруашылығы (бейіндері бойынша)	1 5 0 4 0 4 2 Аспазшы	18	10 ай
5	1 2 0 1 0 0 0 Автомобиль көлігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	1 2 0 1 0 7 2 Автомобильдерді жөндейтін дәнекерлеуші	25	10 ай
6	1 1 1 5 0 0 0 Өндірістердегі электрлік-механикалық жабдықтар (түрлері бойынша)	1 1 1 5 0 4 2 Электр жабдықтарын жөндейтін және қызмет көрсететін электромонтер	15	10 ай
7	1 1 0 9 0 0 0 Токарлық іс және металл өңдеу (түрлері бойынша)	1 1 0 9 0 1 2 Токарь	15	10 ай
8	1 4 0 3 0 0 0 Ішкі санитарлық-техникалық құрылыстарды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді пайдалану (түрлері бойынша)	1 4 0 3 0 8 2 Газ-электрмен пісіруші	17	10 ай
	Жиыны:		150	